# Сапалы білім – жарқын болашағыңның кепілі

**Кім – кімнің болмасын, жақсы оқу орынына түсіп, білікті маман болғысы келетіні анық. Осы орайда түлектерге дұрыс бағыт беру шаралары жүргізілуде.**

Сондай жиын Ы. Алтынсарин атындағы АрҚМПИ –да «Мамандығым – мақтанышым» деген атаумен өтті. Оқу орынындағы тарих кафедрасы ұйымдастырған шараға қалаға қарасты мектептердің 11 сынып оқушылары қатысты. Ондағы мақсат мектеп бітіруші түлектерге институтта қандай мамандықтар бар екенін, біздегі ЖОО -на түсудің артықшылықтарын, мұнда сапалы білім берілетінін, соңғы технологиялармен жабдықталғанын насихат ету. Жиын барысында түлектерге институттағы барлық мамандықтар бойынша ақпараттар беріліп, бейнеслайдтар көрсетілді. Соның бірі тарих факультеті. – Егер музыкалық білім мамандығын таңдайтын болсаңыздар, бұл мамандықты бітіруші түлектер облыс, қала көлемінде театр, мәдениет үйлерінде, мектептерде, балабақшаларда қызмет жасап жүр. Сонымен қатар бейнелеу өнері және сызу мамандығына келуші түлектерге айтарымыз,бұл мамандық та біздегі мақтаулы мамандықтардың бірі. Бұл кафедраның студенттері Республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары. Осы мамандықты бітірген түлектеріміздің алды шетелге белгілі қылқалам шеберлері. Сырт мемлекеттерде үлкен көрмелерге қатысып жатыр. Сондай ақ, дене мәдениеті және спорт мамандығына жыл сайын мемлекеттік гранттар бөлінеді. Бұл мамандықтың да студенттері Республикалық, облыстық, қалалық сайыстардың жеңімпаздары. Біздің мақтаныштарымыз, - деді Тарих факультетінің деканы Гүлбаршын КОНКИНА.




Сондай ақ декан осы өңірден бітірген мектеп түлектерінің көбісі үлкен қалаларға барып, сол жақтардағы ЖОО-нан білім алғысы келетінін тілге тиек етті. Әйтсе де: «мен сіздерге осы институтта еңбек етіп жатқан маман ретінде, осы факультеттің басшысы ретінде айтарым, осы біздің институтта да білім сапасы Қазақстандағы басқа ЖОО –нан кем емес. Керісінше, біздің институтты бітірген түлектерді барлық жерде таңдап тұрып жұмысқа алады. Өйткені, білім сапасы, талап бізде өте күшті. Жақсылап ойланып, бізге келуге шақырамын» деп сенімді түрде айтты ол.

Шара барысында әр мамандық студенттері өнерлерін ортаға салып, кеш қонақтарымен түрлі ойындар өткізілді. 11 сынып оқушылары ортаға шығып, түрлі мамандық бойынша сұрақтарға жауап беріп, білім деңге

**Дархан ЕРМАҒАНБЕТОВ**